

«Сейфуллин окулары-18(2): «XXI ғасыр ғылымы – трансформация дәуірі» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18(2): «Наука XXI века - эпоха трансформации» - 2022.- Т.1, Ч.III. - Б.256-259.

## **ЖОҒАРЫ ӨНІМДІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЛАНДШАФТТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ МЕН БАҒЫТТАРЫ**

*Турсунаева Ж.Е., 2 курс магистранты*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Жер қатынастарының қазіргі кездегі ерекшелігі жерге меншік түрлері мен нысандарының түбегейлі өзгеріп, тиімді нарықтық тетіктердің тұрақты қалыптасуы болып табылады. Қалыптасқан агроқұрылымдар территориясындағы ауыл шаруашылығы жерлерін пайдаланудың тиімділік дәрежесі және жалпы агроөнеркәсіптік кешендегі экономикалық өсу деңгейі көбінесе ауыл шаруашылығы ландшафттарының табиғи өндірістік мүмкіндіктерін ескере отырып, жер пайдаланудың қаншалықты ұтымды ұйымдастырылғанына байланысты. Ауыл шаруашылығын одан әрі дамыту, ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісін ұлғайту және жерді пайдалану тиімділігін арттыру міндеттерін шешу, ең алдымен, егіншілік жүйесін арттыруға, өнімді және экологиялық тұрақты ауыл шаруашылығы ландшафттарын құруға негізделуі керек[1,2].

Ауыл шаруашылығы жерлерін ұтымды және тиімді пайдаланудың негізгі бағыты ауылшаруашылық кәсіпорындарының территориясын экологиялық тұрғыдан қауіпсіз ұйымдастыру және егіншіліктің бейімделген ландшафттық жүйелерін дамыту, сонымен қатар ауыл шаруашылығы ландшафтының табиғатты қорғаушы құрылымын құрумен айқындалады. Бұл бағытты жүзеге асыруда ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру және жерді тиімді пайдалану арқылы ауыл шаруашылығы өндірісін қарқындатуға бағытталған ұйымдастырушылық, агротехникалық, мелиоративтік шаралардың ғылыми негізделген кешені маңызды рөл атқарады. Құнарлы жерлерді одан әрі игеру мүмкіндіктерінің шектеулі болуы және олардың бүліну процестерінің күшеюі салдарынан агроландшафттардың өнімділігін арттыру айтарлықтай материалдық шығындарды талап етеді[4].

Осыған байланысты жоғары өнімді және тұрақты ауылшаруашылық ландшафттарын қалыптастыру міндеті аясында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу өте өзекті мәселе болып табылады.

Ауыл шаруашылығы ландшафттарының өнімділігі, жерге орналастыру және жақсарту шараларын жүзеге асыруға қатысты экономикалық және экологиялық көрсеткіштерге, олардың құрамы мен арақатынасын анықтауға және ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалануды дұрыс ұйымдастыруға байланысты. Агроландшафттарды ауыл шаруашылығы өндірісінде

пайдалануды талдау оларды пайдалану қарқындылығының жоғары дәрежеде екенін көрсетеді. Республика аумағының едәуір бөлігін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер алып жатыр. Жер қорының құрылымындағы осы санаттағы жерлердің ауданы 106,4 млн.га немесе пайдаланылатын жерлердің 40,5% - ын құрайды, ал ауыл шаруашылығы алаптары жердің барлық санаттарында бар, бірақ басым түрі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде 96,8 %, елді мекендер жерлерінде 89,9% және қордағы жерлерде 81,9% құрайды[6].

Ауылшаруашылық ландшафттар мен оларға іргелес жатқан аумақтарға келетін антропогендік жүктеменің мөлшері ауыл шаруашылығы алаптарын экологиялық тұрақтандыру және тұрақсыздандыру арақатынасымен анықталады. Елдің ауыл шаруашылығы жерлерінің құрылымында жайылымдық алаптардан кейін үлкен үлесті егістік алаптар (11,8%) алып жатыр[6]. Бұл ауылшаруашылық ландшафттарының экологиялық тұрақсыздығын куәландырады, соның салдарынан ауыл шаруашылығы алаптарында бастапқы мәселені шешуге қиындық келтіретін процестер туындап, олардың өнімділігі мен пайдалану тиімділігі төмендеуі мүмкін. Ғалымдардың жүргізген зерттеулері мен агроландшафттарды пайдалану тәжірибесі зерттеліп отырған аймақтағы күрделі мәселелердің бірі топырақ құнарлығын арттыру және олардың бүлінуінің алдын алу шараларын әзірлеу болып табылатынын көрсетеді.

Жұмыста зерттеу объектісінің аумағында экологиялық тұрақты ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту үшін жоғары өнімді ауыл шаруашылығы ландшафттары мен бөлінген агроландшафт жағдайындағы егістік жерлердің территориясын ұйымдастыру эрозияға қарсы бағытталған. Сонымен қатар алғашқы аумақтық бірліктерді ландшафттық - экологиялық жолақтарды бөліп көрсете отырып, контурлық-мелиорациялық егіншілікті енгізуді қарастырып, олардан жұмыс учаскелері мен ауыспалы егіс алаптарын құру және олардың ұйымдастырылуы мен пайдаланылуының экономикалық тиімділігін арттыру мәселелері көзделген.

Қазіргі кездегі агроландшафт өзіне тән табиғи-антропогендік байланыстары, экологиялық ерекшеліктері бар ауылшаруашылық мақсаттағы көп компонентті табиғи-аумақтық кешен ретінде қарастырылып, оның қасиеттері экономикалық тиімді және экологиялық негізделген жер пайдаланушылықты ұйымдастыру процесінде ескерілуі керек.

Осыған орай агроландшафттардың өнімділігі мен тұрақтылығын анықтайтын маңызды қасиеттері мен бағыттары мыналар болып табылады:

- агроландшафттар ауылшаруашылық өнімдерінің өндірісі үшін тиімді қайта құрылған мәдени ландшафттарға жатқызылуы тиіс;
- агроландшафттарға тән белгі олардың құрылымында қарқынды антропогендік әсер ету жағдайында тұрақтылық деңгейін анықтайтын техногендік элементтердің болуы;
- агроландшафттарда өзін-өзі реттеудің тиімді тетіктерінің жоқтығы олардың жұмыс істеуінің жасанды режимді сақтауды және ауылшаруашылық тәжірибелерін пайдалану қажеттілігін тудырады;

- ауылшаруашылық ландшафттарының сапалық ерекшелігі олар табиғи және ауылшаруашылық ішкі жүйелермен қамтамасыз етіледі;

- агроландшафт өндірістің аумақтық ұйымдастырылуы, егіншілік жүйесі, агротехникалық кешен, мелиорацияның әртүрлі түрлері арқылы басқарылатын жүйелер санатына жатады. Сонымен қатар, ауылшаруашылық ландшафттары географиялық жүйе сияқты ашық болады, сондықтан жеке құрамдас бөліктерде немесе процестерде болатын кез келген нақты өзгеріс тек осы жүйедегі ғана емес, көршілес ауыл шаруашылығы ландшафттары арасындағы байланыстардың бұзылуына әкеліп соғады. Демек, агроландшафттар біртұтас табиғи және антропогендік байланыспен және ауыл шаруашылығы алаптарының өнімділігін реттеу мен арттырудың маңызды тұтқасы болып табылатын белгілі бір табиғи және өндірістік жылдық циклдармен сипатталады[3,5,7].

Экологиялық тұрғыдан алғанда агроландшафт ұғымы табиғи ландшафттың геоморфологиялық құрылымы бойынша агроэкожүйе мен агробиоценоздың қосындысы ретінде анықталады. Жоғары өнімді және тұрақты агроландшафт құрудың негізгі бағыты экологиялық заңдарға сүйене отырып, оның әртүрлілігін сақтау мен көбейтуге негізделуі тиіс. Ал ауыл шаруашылығы өндірісін экологиядан сақтандыру мен агроэкожүйелердің тұрақтылығын арттыру, ауылшаруашылық ландшафттарының құрылымы мен қызметін табиғи жағдайларға жақындату, ауыл шаруашылығы алаптарында табиғи режимдер мен өзін-өзі реттеу тетіктерін қайталау арқылы жүзеге асырылады.

Қортыра айтқанда, жоғары өнімді және тұрақты агроландшафттарды қалыптастыру ауыл шаруашылық дақылдарының өнімділігін арттыруға, агроландшафттық негізде егіншілік жүйесінің барлық буындарын оңтайландыруға негізделген. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемінің ұлғаюына, жер ресурстарын пайдалану тиімділігі мен агроландшафттардың өнімділігін арттыруға, олардың элементтеріне антропогендік жүктемені азайтуға және соның салдарынан олардың экологиялық тұрақтылығын арттыруға қол жеткізуге болады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мустафаев Ж.С., Адильбектеги Г.А. Методы определения сельскохозяйственной продуктивности ландшафтов [Текст] / Поиск. - 2004. - №4(2). - С. 181-186.
2. Агроэкология. – М.: Колос, 2000.- 536 с.
3. Мұстафаев Ж. С, Қозыкеева Ә. Т «Ландшафтар және табиғи-техногендік кешендер» Алматы, 2013.
4. Бейсенова Р.Р «Экология және тұрақты даму пәнінен дәрістер жиынтығы» оқу құралы. Астана, 2010.
5. Сенчукова Г. А. Ландшафтоведение: Курс лекций. – Новочеркасск: НГМИ, 2000.

6. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы жер жағдай және оны пайдалану туралы жиынтық талдамалы есебі.

7. N.Ozeranskaya, T.Karbozov, A.Bekturganova, B.Zhuparkhan, V.Kononova.  
Optimization of Land Use in The Agricultural Landscapes of Northern Kazakhstan  
On the Basis of the Landscape Approach.  
<https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57021718200>

*Ғылыми жетекшісі: доцент Карбозов Т.Е.*